**"Азғыр" және "Капустин Яр" полигондарының әсері тиген Атырау және Батыс Қазақстан облыстары аудандарының аумақтарын кешенді тексеру жүргізу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі N 230-ө өкімі

1. Мынадай құрамда ведомствоаралық жұмыс тобы құрылсын:

Ысқақов Нұрлан Әбділдаұлы - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі, төраға

Меркер Виктор Александрович - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары

Базарбай Сапар Қанатбайұлы - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық саясат және орнықты даму департаменті экологиялық мониторингі және ақпарат басқармасы бастығының орынбасары, хатшы

Әбсалықов Қазба Нығметұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі "Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры

Ғылманов Жанболат Ғылманұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының көмекшісі

Дайырбеков Тілеу Сіләмханұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Атом энергетикасы жөніндегі комитеті радиациялық және ядролық қауіпсіздік басқармасының бастығы

Дөңбаев Қалдыбек Мамытұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорны физика кафедрасының меңгерушісі

Сыздықова Лариса Михайловна - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Өңірлік саясат және бюджетаралық қатынастар департаменті өңірлік саясат басқармасы өңірлік әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы

Көбейсінов Кәкен Көбейсінұлы - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты (келісім бойынша).

2. Ведомствоаралық жұмыс тобы 2003 жылдың аяғына дейін "Азғыр" және " Капустин Яр" бұрынғы әскери-сынау полигондарының әсері тиген Батыс Қазақстан және Атырау облыстары аудандарының аумақтарын кешенді тексеруді жүргізу жөніндегі ұсыныстарын дайындасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовке жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК